

«Бекітемін»

«Атырау АИТВ орталығы»

директоры

А.Б.Кудаманова



Облыстық АИТВ инфекциясының алдын алу орталығы
ұжымында өткізілген жиналыс

ХАТТАМАСЫ

Атырау қаласы

30.07.2025 жыл

Сағ.15.30.

Қатысқандар: АИТВ орталығының қызметкерлері.

Күн тәртібі: АИТВ орталығының қызметкерлеріне құқықтық сауаттылықты арттыру мақсатында түсінік жұмыстарын жүргізу.

АИТВ орталығының заңгері Баянова Майра Темирханқызы орталықтың қызметкерлеріне Қазақстан Республикасының Конституция туралы слайд жасап жиналыс өткізді. Жиналыс барысында Қазақстан Республикасының тәуелсіз мемлекет ретінде қалыптасуында Ата-заңымыз Конституцияның маңыздылығын атап өтті.

Жиналыста Конституцияның басты мақсаты – қазақстандықтардың әл-ауқаты мен өмір сүру жағдайын жақсарту екені айтылды. Негізгі заңға өзгерістер ел тәуелсіздігін нығайтудың, қазақстандықтардың шынайы отансүйгіштігінің, олардың конституциялық құқықтары мен еркіндігін қорғау тетігін күшейтудің және елдің жан-жақты түрленуінің нышаны болатыны және де Ата Заңымыз 9 бөлімнен тұратындығы, оның ішінде әрбір көрсетілген баптар жан-жақты қызметкерлермен бірге талқыланып, пікір алмасты.

Жиын барысында Конституцияның 14 және 19 баптарына ерекше тоқталып, түсінік берілді.

1. Заң мен сот алдында жұрттың бәрі тең.

2. Тегіне, әлеуметтік, лауазымдық және мүліктік жағдайына, жынысына, нәсіліне, ұлтына, тіліне, дінге көзқарасына, нанымына, тұрғылықты жеріне байланысты немесе кез келген өзге жағдаяттар бойынша ешкімді ешқандай кемсітуге болмайды.

19-бап

1. Әркім өзінің қай ұлтқа, қай партияға және қай дінге жататынын өзі анықтауға және оны көрсету-көрсетпеуге хақылы.

Жиналыс соңында Қазақстан Республикасының әр азаматы мен азаматшасы өзінің Ата заңы мен құқығын, міндетін білу қажет. Ол үшін өзін

үздіксіз дамытып, құқықтық сауаттылығын үнемі арттырып отыруды қажет етеді.

Шешім етті:

1. Сыбайлас жемқорлықтың алдын алу шаралары мен болдырмау үнемі жұмыстарын жүргізу.
2. Орлалықтың бөлімше меңгерушілеріне, қызметкерлерге қатаң қадағалау жүктеу.

Комплаенс офицер:



Баянова М.Т